



**Жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында импорт алмастырудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 20 тамыз N 1088

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің тұтынушылық тауарлар өндірісін дамыту және импортты жоғары сапалық отандық өнімдермен алмастыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында импорт алмастырудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 20 тамыздағы  
N 1088 қаулысымен  
бекітілген

ЕСКЕРТУ. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы  
N 705

P020705\_

қаулысымен.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында импорт  
алмастырудың 2001-2003 жылдарға арналған  
Бағдарламасы

ПАСПОРТЫ

Атауы                    Жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында импорт

алмастырудың 2001-2003 жылдарға арналған  
бағдарламасы

Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
әзірлеу туралы Қ. Тоқаевтың 1999 жылғы 29 қарашадағы  
шешім N 168-ө

R990168\_

өкімі

Негізгі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда  
әзірлеушілер министрлігі, "Экономикалық зерттеулер институты" РМК

Бағдарламаның Бағдарламаның мақсаттары:  
мақсаттары жеңіл және тамақ өнеркәсібін қалпына келтіру және  
мен міндеттері кешенді дамытуды жеделдету, кәсіпорындардың техникалық  
және технологиялық артта қалуын еңсеру;  
сапасы мен ассортиментін жақсарту, өндіріс шығындарын  
төмендету есебінен өнімнің бәсекелестік қабілетін  
арттыру;  
отандық экономиканың тоқыма, тігін және былғары  
аяқ-киім өнімі импортына тым тәуелділігінен шығару;  
шикізат және тамақ қоспаларын, дайын тамақ өнімін  
өндіруді кешенді дамыту, ішкі рынокты отандық  
өндірістің жоғары сапалы тамақ өнімдерімен толтыру;  
Қазақстанның сауда балансын жақсарту болып табылады.  
Қойылған мақсаттарға қол жеткізу:  
бағасы мен сапасы бойынша отандық өнімнің бәсекелестік  
қабілетін қамтамасыз ететін өндірістің техникалық  
деңгейін арттыруды және осындай импортталатын  
тауарларды ығыстыруды;  
жеңіл және тамақ өнеркәсібі тауарларының жекелеген  
түрлері бойынша ішкі тауар рыногының ашықтық деңгейін  
реттеуді, отандық тауар өндірушілерді теріс пиғылды  
импорттан отандық тауар өндірушілерді қорғауды,  
отандық тауарларды әлемдік тауар рыноктарына жылжытуды;  
отандық өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы  
бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету үшін салық және  
кеден режимін жетілдіруді;

кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайларын оңалтуды;  
салаларға инвестициялар тарту және екінші деңгейдегі банктердің кәсіпорындарды несиелендіруі үшін жағдайлар жасауды;  
басымдықтарды айқындау және ішкі және сыртқы рыноктарда жоғары технологиялық, бәсекелі өнімдер шығаруды қамтамасыз ететін неғұрлым тиімді кәсіпорындарды таңдап инвестициялық қолдауды;  
өндірісті ұйымдастыру және дамыту, бизнес-жоспарлар ресімдеу жөнінде кәсіпкерлерге техникалық, технологиялық және әдістемелік көмек көрсетуді пайымдайды

Қаржыландыру көздері Несие ресурстары, кәсіпорындардың жеке қаражаты, шетел капиталы  
Іске асыру мерзімі Бағдарламаны іске асыру 2001 жылдан 2003 жылды қоса алғандағы кезеңге белгіленген

## КІРІСПЕ

Бағдарлама жеңіл және тамақ өнеркәсібінің бәсекелі тұтыну тауарлары өндірісін дамыту және импортты жоғары сапалы әрі кең ассортименттегі отандық өніммен алмастыру жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 U983834\_ Жарлығын нақты іске асырудың кезеңі болып табылады.

Соңғы 10 жылда жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімдерін өндіру тиісінше 7 және 2 есеге қысқарды. Отандық азық-түлік өнімдерінің ішкі рыноктағы үлесі 70 %-ды, ал жеңіл өнеркәсіп үлесі 10 %-ды құрайды. 1998 және 1999 жылы Ресей және ТМД-ның басқа елдері валюталарының баса құнсыздануы тек ТМД елдерінің рыногында ғана емес, Қазақстанның ішкі рыногында да қазақстандық өңдеуші өнеркәсіп өнімінің бәсекелестік қабілетін төмендетте түсті.

Импорт тауарларының отандық тауар өндірушіні ішкі рыноктан ығыстыруы апатты сипат алды. Импорттың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 35 %-ға жетті. Өңдеу өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары өндірісті қысқартып ғана қоймай, оны толық тоқтатуға мәжбүр болуда.

Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мәселесі мейлінше өткір болып отыр. Егер 1990 жылы жеңіл және тамақ өнеркәсібінде жұмыс істеушілер саны 350,9 мың адам болса, 2000 жылы 61,3 мың адамға дейін немесе 5 еседен аса қысқарған, бұл әлеуметтік шиеленістің өсуін негіздейді.

Мұндай жағдайларда импорт алмастыру, бәсекелестікке қабілетті өнімдер шығарушы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің отандық өндірушілерін өркендету және дамыту есебінен импортталатын тауарларды ығыстыру проблемалары аса маңызды болуда. Бұл ретте жергілікті және дәстүрлі емес шикізат өңдеудің прогрессивті технологияларын іске қосу қажет.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің аграрлық сектормен технологиялық неғұрлым байланыстылығын ескерсек, олардың дамуы едәуір дәрежеде ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды бағыттарын қалпына келтіруге және дамытуға ықпал ететін болады. Ел ішінде төлем қабілеті және ішкі рыноктың сыйымдылығы артады.

Жеңіл\* өнеркәсіп - ЭҚЖС сыныптамасына сәйкес, бұл - "тоқыма және тігін өнеркәсібі, былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар өндірісі және аяқ киім өндірісі".

## 1. ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

### 1.1. Тұтыну тауарлары импортының жағдайы

Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы сыртқы экономикалық қызметінің нәтижелері өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің, ең бастысы, дайын өнімдердің, оның ішінде тұтыну тауарлары импортының тұрақты өсу үрдісін дәлелдейді.

1998 жылғы тамыздағы ресей рублінің құлдырауынан кейін, теңге тұрақтылығын қолдан ұстап тұру кезінде қазақстандық өнімдер, іс жүзінде, әсіресе өңдеу өнеркәсібінің ресей тауарларына қатысты бәсекеге қабілетсіз болып қалды. Рубльдің құнсыздануы ресей тауарларын өте арзандатып, олардың қазақстандық рынокта бәсекелестік қабілеттілігін күрт арттырды. Сондай-ақ ұлттық ақшаның құнсыздануы жүзеге асырылған Қырғызстанда және Өзбекстанда, ТМД-ның кейбір басқа елдерінде өндірілетін тауарлардың бәсекелестік қабілеті артты.

Теңгенің еркін өзгермелі режимі енгізілгеннен кейін болған оның құнсыздануы белгілі бір дәрежеде отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Бірқатар салаларда өндірістің жандануы мен бағалық бәсекелестік қабілетінің артуы байқалды. Атап айтқанда, бұл тамақ өнеркәсібіне, жеңіл өнеркәсіптің кейбір өндірістеріне қатысты. Сонымен бір мезгілде Қазақстанның көптеген өнеркәсіп кәсіпорындары өз өнімдерін импортталатын шикізаттар мен материалдарды пайдалана отырып өндіруде, бұл оның бағасын арттырып, бәсекелестік қабілетін төмендетуде. Осылайша, мәселен, былғары, одан жасалған бұйымдар, былғары аяқ-киімдер өндірісінде 1999 жылы шикізат пен материалдар шығындар құрамындағы импорттың үлесі 48,8 %-ды, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттарға - 54,1 %-ды құрады.

Отандық тауар өндірушілердің өнімдерін ішкі рыноктан ығыстырып шығару жұмыссыздықтың өсуіне, еңбек әлеуетінің құлдырауына, тұтастай алғанда, халықтың

жалпы әл-ауқатының төмендеуіне ұласуда.

Халықтың саны мен халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табысының деңгейіне сүйенсек, соңғы үш жылда азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп тауарларының ішкі рыногының сыйымдылығы 284-300 млрд. теңге шегінде ауытқып отыр, оның ішінде азық-түлік бөлігінің үлесі 82-84 %-ды құрайды.

2000 жылы тұрғындардың азық-түлікті сатып алу шығыстары 1999 жылмен салыстырғанда 11,7 %-ға, ал жеңіл өнеркәсіп тауарлары 35,5 %-ға артты және 2000 жылы тиісінше 273 млрд. теңгені және 69,1 млрд. теңгені құрады.

Егер азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға 2000 жылғы тұтыну бағаларының индексі тиісінше 12,8%-ға және 6,1%-ға өскенін ескерсек, онда өткен жылғы ішкі рыноктың нақты сыйымдылығы осы тауарлар бойынша іс жүзінде бір ширекке қысқартып отыр.

Ішкі рыноктың номинальды сыйымдылығы, мың теңге

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Азық-түлік тауарлары ресурстарында отандық өнімдер басымдыққа ие, оның ішкі рыноктағы үлесі 1999 жылы 75-80 %-ды құрады.

Жеңіл өнеркәсіптің тұтыну тауарлары ресурстарында отандық өнімнің үлесі 10%-дан аспай отыр. Соңғы үш жылда ішкі тұтытудағы статистикалық есепке алынған киім, мата, аяқ-киім импорты 11-15%-ды құрады. Қалған өнім қоржындық импорт арқылы және контрабандалық жолмен келеді.

Киім, мата, аяқ-киім ішкі рыногының жылдық сыйымдылығы 45 млрд. теңге болған кезде олардың отандық өндірісі (заттық мүліктен, арнайы киімнен және экспорттан басқасы) 4-5 млрд. теңгені немесе ішкі рынок сыйымдылығының 10 %-ын құрайды, мұны қалыпты деп тануға болмайды. Табиғи отандық шикізаты және жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің меншікті өндірісін дамытуға әлеуеті болса да, сала жылдан-жылға өнім шығаруды қысқартып келеді.

Бірақтар жағдайларда, халықтың басым бөлігінің табыс деңгейі неғұрлым сапалы, бірақ неғұрлым қымбат тауарларды сатып алуына мүмкіндік бермегендіктен, осындай отандық өнімнен сапасы әлдеқайда төмен импорттық бұйымдар оны бағасының едәуір төмендігі есебінен ығыстырып шығарады.

1 . 2 .                   Ө н д і р і с

Жекешелендіру нәтижесінде Қазақстанның жеңіл және тамақ өнеркәсібінің барлығы іс жүзінде жеке меншікте. Бұл салаларда шағын және орта кәсіпорындар басымдыққа ие.

2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеңіл өнеркәсіпте 1295, оның

ішінде 33 ірі және 115 орташа кәсіпорын тіркелген. 2000 жылы өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде сала өнімінің үлесі 1,5 %-ды құрады немесе 1990 жылмен салыстырғанда 10 есе (15,6 %) қысқарды. 1991 жылы салада алынған пайда өнеркәсіптегі барлық пайданың 21 %-ын құрады.

Соңғы екі жылда 60 %-дан астам кәсіпорындар және сала толығымен шығынды болды, бюджетке төлейтін төлемдерде жеңіл өнеркәсіптің үлесі 0,52 %-ға дейін қысқарды. Тиімділіктің төмендеуі, ең алдымен, өндіріс көлемінің қысқаруына негізделген.

#### Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі

-----  
 Көрсеткіштің! Өлшем ! 1993 ! 1994 ! 1995 ! 1996 ! 1997 ! 1998 ! 1999 ! 2000  
 атауы ! бірлігі! ! ! ! ! ! ! !  
 -----

Қолданылып млрд. 1,3 12,9 16,5 17,5 17,2 13,1 17,98 25,6  
 жүрген теңге  
 бағадағы  
 жеңіл  
 өнеркәсіп  
 өнімдері

оның ішінде 11 15,7  
 жуылмаған  
 жүннен және  
 мақта  
 талшығынан

АҚШ млн. 503,9 360,7 270,8 260,1 228,1 167 150,3 182,9  
 долларымен долл.  
 1993 ж. млрд. 1,3 0,7 0,3 0,4 0,3 0,3 0,3 0,6  
 бағамен теңге  
 Маталар - млн. 188,1 107,1 31,1 28,4 19,6 12,7 12,5 6,3  
 барлығы м2  
 Кілем және млн. 1,4 0,7 0,2 0,2 0,2 0,17 0,15 0,15  
 кілем м2  
 бұйымдары

Шұлық-ұйық млн. 71,5 41,0 11,5 6,0 4,0 2,4 1,3 1,8  
 бұйымдары жұп

Ірі қара	мың	276,6	72,4	18,9	16,4	3,8	3,6	1,7	1,3
және ұсақ	дц.2								
мал									
терілерінен									
жасалған									
былғары									
Аяқ киім -	млн.	16,2	7,8	2,1	1,5	1,1	1,1	0,8	1,2
барлығы	жұп								

---

Көзі: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі

Сала өнімдерін импортталатын тауарлар ішкі рыноктан толығымен дерлік ығыстырып отыр. Ішкі рыноктың теріс пиғылды импорттан қорғансыздығы, айналым қаражатының жеткіліксіздігі, кәсіпорындардың бюджет пен жеткізушілер алдындағы өсіп отырған қарыздары; жабдықтардың техникалық жағдайының төмен деңгейі, оның моральдық және физикалық тозуы, кәсіпкерлердің салаға инвестициялар салуға қызығушылықтарының болмауы саланы қалыпқа келтіруге тежеу болып отыр. Несиелендірудің жоғары ставкалары кәсіпорындарға банк несиелерін пайдалануға мүмкіндік бермейді, банктер де өз кезегінде тәуекелді мегзеп, сала кәсіпорындарын несиелендіруге бармай отыр.

1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі өңдеу кәсіпорындарын, оның ішінде жеңіл өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. Олардың қатарында өсімге кешірім жасау бойынша салық салу заңына өзгерістер енгізу, 2003 жылдың 1 қаңтарына дейін салық пен айыппұлдардың бюджетке төленуін кейінге қалдыру, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіптің отандық өнімдеріне ҚҚС нөлдік ставкасы бар.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде тоқыма және тігін өнімдері өндірісінің көлемі ұлғайды, 1999 жылға нақты көлемнің индексі 119,2 %, былғары аяқ-киім өнеркәсібінде - 128,7 % құрады.

Осыған қарамастан, жеңіл өнеркәсіпті қалпына келтіруде және дамытуда жағдайдың айтарлықтай өзгеруі әзірше бола қойған жоқ.

Мұның негізгі себептері:

сала үшін қолайлы жағдай жасалғаннан кейінгі уақыттың қысқа мерзімі (1999 жылы тамыз);

көптеген өндірістердің техникалық және технологиялық артта қалуына әкеліп соққан соңғы 7 жылда салада іс жүзінде инвестицияның толығымен болмауы;

өндірісті іске қосу үшін кәсіпорындардың айналым қаражаттарының болмауы; әсіресе базалық тоқыма өндірістерінің меншігін соза отырып қайта бөлу; ішкі азық-түліктік емес рыноктың нақты сыйымдылығының 1999 жылы 29 %-ға қысқаруы, бұл сондай-ақ жеңіл өнеркәсіпке қолайсыз әсер етті.

Жеңіл өнеркәсіп тауарларының ішкі тұтыну рыногының сыйымдылығына (44,5 млрд. теңге шамасында) орайласа және ондағы импорттың үлесін 30 % деңгейде сақтаудың (бәсекелестік тұрғысынан) орындылығын назарға ала отырып, онда киім, мата және аяқ-киімнің отандық өндірісі 30 млрд. теңгеден астам болуы тиіс.

Отандық тауар өндірушілердің мүліктік және арнайы киім рыногындағы шебін сақтау мен нығайту бұл тауарларды 5-7 млрд. теңгеге өндіруді қажет етеді. Осылайша, 50 млрд. теңге шамасындағы ішкі рыноктың қосынды сыйымдылығы кезінде олардың отандық өндірілуі 40 млрд. теңгеге жетеді.

2000 жылы қалыптасқан жан басына шаққанда халықтың киім, мата және аяқ киім алуға кеткен шығынының өте төмен деңгейін назарға алсақ, (халықтың жан басына 3,4 мың теңгеден келген) бұл деңгейді ең төмен деп санауға болады. Тұтынушылық сұранымның қалпына келу шамасына қарай жеңіл өнеркәсіп тауарларын өндіру де соған барабар өсетін болады.

Тамақ өнеркәсібі өңдеуші өнеркәсіп көлемінің үштен бірін алып отыр. Соңғы 10 жылда саладағы кәсіпорындар саны 3,2 мыңнан 6,7 мыңға дейін немесе екі еседен астамға өсті. Сала бойынша құлдырау жалпы алғанда жеңіл өнеркәсіптегідей күшті болған жоқ. Алайда, 1999 жылмен салыстырғанда өнімдердің маңызды түрлерін өндіру бойынша өндірістің көлемі жан басына шаққанда 4-54 есе қысқарды. Тек минералды су бойынша 1,6 есе өсу қамтамасыз етілді. Халықтың тұтынушылық мүмкіндіктерінің төмендеуі себепті азық-түліктің басты түрлері өнеркәсіптік қайта өңдеуден өтпеген түрінде тұтынылады.

2000 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемінің 13,3 %-ын құрады. 2000 жылы өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда нақты көлемнің индексі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 108,5 %-ды, азық-түлік өнімдерін өндіру - 108,9 %-ды, темекі өнімдерін өндіру - 105 %-ды құрады.

Еліміздің тамақ өнеркәсібінің орын алып отырған әлеуеті халықты негізгі азық-түлік өнімдеріне: сапасы мен бағасы бойынша бәсекелесуге қабілетті етке, сүт өнімдеріне, нанға және нан өнімдеріне, ұнға, жармаларға қажеттіліктерін іс жүзінде толығымен қанағаттандыра алады.

Алайда, соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісінің терең дағдарысына және қысқаруына байланысты тамақ өнеркәсібін қажетті ассортименттегі және сападағы шикізатпен қамтамасыз ету мәселесі өткір болып тұр. "Алқап-зауыт-сауда" қағидаты бойынша технологиялық байланысты өндірістердің, сондай-ақ ұсақ тауарлық өндіріске бағдарланған ауыл шаруашылығы шикізаттарын сатып алу жөніндегі



инфрақұрылымның жоқтығы әсер етуде.

Бұдан басқа, тамақ өнеркәсібін дамытуға:

әсіресе, маусымдық және көліктік тасымалдау кезінде аз лекпен шектелінетін шикізатты сатып алу үшін меншікті айналым қаражатының жеткіліксіздігі;

ауыл шаруашылығы шикізатын оны өндіретін орындарда қайта өңдеу бойынша өндірістердің жеткіліксіз саны;

ауыл шаруашылығы шикізатын терең қалдықсыз қайта өңдеу бойынша өндірістердің жоқтығы тежеу болып келеді.

1999-2000 жылдары отандық кәсіпорындардың жұмысын ынталандыратын және республика өндірушілері шығаратын ұқсас өнімдердің импортын шектейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар қаулылары қабылданды. Соңғы екі жылда салаға жыл сайынғы инвестицияның өсуі тиісінше 193-232 %-ды құрады, бұл көптеген кәсіпорындардың жұмыс қабілетін қалпына келтіруге, отандық тамақ өнімдерінің бәсекелестік қабілетін арттыруға, импортқа табысты қарсы тұруға және тамақ өнімдерін тұтыну көлемінде отандық өнім үлесін 60-тан 70 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Ішкі азық-түлік рыногында отандық өндіріс пен импорт арасында қалыптасқан ара қатынас бәсекелесті болып табылады. Алайда, азық-түлікті тұтынудың төмен деңгейі және азық-түліктік қауіпсіздік талаптары ішкі тұтытуда отандық өндірісті 85 %-ға дейін жеткізу қажеттігін міндеттеп отыр. Көптеген түрлер бойынша бұл деңгейге қол жеткенін назарға алсақ, саладағы импортты алмастыру азық-түлік өнімдерінің нақты түрлері бойынша орынды болады.

Нан және нан өнімдері рыногында үлесі 98 %-дан астамды құрайтын отандық өнім басымдыққа ие. Алайда, ішкі рынокта іс жүзінде тұтынуға дайындығы жоғары дәрежедегі отандық бидай өнімдерінің ассортименти, сондай-ақ кондитер өнеркәсібінде, нан пісіруде пайдаланылатын астықтың қайта өңделген өнімдері жоқ. Солода, крахмал, инулин, уыздық импорты соңғы 5 жыл ішінде төрт есеге өсті.

Ет және ет өнімдері рыногында отандық құс етімен қамтамасыз ету 45 %-ды, ет және ет-өсімдік өнімдері консервілері бойынша 35,9 %-ды құрайды. Бұл етті құс өсіруді дамыту көлемін жылына 17 мың тоннаға дейін жеткізу және кең ассортименттегі консервіленген ет өндіру көлемін 2,7 мың тоннаға дейін жеткізу орындылығына негізделеді. Шұжық өнімдері бойынша отандық өнімдер рыноктың 72 % - ын қамтиды.

Отандық өндірістің балық және балық өнімдері ішкі рыноктың 70 %-ға жуығын құрайды. Бұл ретте отандық балық консервілерінің үлесі өте төмен.

Сүт өнімдері рыногында импорттың үлесі елеулі емес, сүт өнімдерінің негізгі түрі бойынша (қоюландырылған сүттен басқа) ол 7-ден 28 %-ға дейінін құрайды. 17 мың тонна көлеміндегі қоюландырылған сүтке қажеттілік толығымен импорт есебінен қамтамасыз етіледі. Қуаттылығы 12 мың тоннаға дейін отандық өндірісті құру орынды

б о л м а қ .

Маргарин өнімдерін ішкі тұтытудағы импорттың үлесі 55 % құрайды. Алайда, істеп тұрған екі маргарин зауытының қуаты (68,8 мың тонна) адал емес импорттан қорғау шараларын қабылдау жағдайында ішкі рынокты толықтай қамтамасыз ете алады.

Өсімдік майы рыногы 2000 жылы импорт есебінен 50 %-ға қамтамасыз етілді. 1999 жылы импортты алмастыру бағдарламасы шеңберінде Өскемен қаласында қуаттылығы жылына 56 мың тонна күнбағыс майын өндіруді, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында сәткесіне 150 тонна қуатымен мақта майы өндірісін дамыту несиелендірілді, оның іске қосылуымен ішкі рынокта осы өнімге қалыптасқан қажеттер толығымен жабылады .

Тазартылған қант рыногы 50 %-ға меншікті өндіріс есебінен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде қызылшадан 12 %, ал қалған көлемі көбіне Бразилиядан, Куба мен Ресейден импортталатын қант шикізатынан өндіріледі.

Ішкі тұтытуда кондитерлік тағамдар импортының үлесі 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 43 %-дан 56 %-ға дейін өсті. Ішкі тұтытуда отандық өндірудің үлесін 70 %-ға дейін жеткізу өндірудің 10 мың тоннаға немесе 22 %-ға өсуін қамтамасыз етеді.

Сыра бойынша ішкі тұтытудағы импорттың үлесі 5 %, спирт пен арақ бойынша 0,01 %-дан артық емес. Жалпы алғанда, алкогольді ішімдіктер бойынша ішкі рыноктағы импорттың меншікті салмағы 3,5 %-дан аспайды.

Алкогольсіз сусындар бойынша ішкі рыноктағы импорт үлесі 14 %. Жеміс-көкөніс консервілері мен табиғи шырындарға қажеттілік импорт есебінен басымды қамтамасыз етілуде .

Дәстүрлі дайын азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну басым түрде отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуде. Алайда, Қазақстанда өндіру мүмкіндігі бар шикізат пен жартылай фабрикаттардың көптеген түрлері импортталуда.

### 1.3. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімінің бәсекелесу қабілеті

Тұтынушылық өнімнің сыртқы рыноктағы бәсекелесу қабілеті, ең алдымен, оның сапасы мен өнімнің жоғары әлемдік стандарттарға, экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестігіне байланысты. Бұл жерде сол сияқты тұтытудағы артықшылық маңызды роль атқарады. Мұндай тауарлардың сыртқы рыноктардағы бағалық бәсекелесу қабілеті қосалқы роль атқарады.

Еуропалық сапа деңгейіндегі, бірақ бағасы төмен Қазақстандық тұтыну тауарлары демпингке қарсы шектеулерден, дамыған елдер рыноктарында бәсекелесе алмайды.

Қазіргі уақытта, ең алдымен, олардың ішкі рыноктағы бәсекелестік қабілетін арттыру қажет. Ішкі рынокты және өндірушілердің, саудагерлердің және сатып алушылардың пікірлерін зерттеу негізінде дайындалған, "Экономикалық зерттеулер институты" РМК жүргізген, "Отандық тауарлардың бәсекелестік жағдайы" талдаулық

шолуы негізінде жеңіл және тамақ өнеркәсібі отандық тауарларының бәсекелестік жағдайы және оны арттыру жөніндегі шаралар туралы негізгі қорытындылар жасалды. Сапасы бойынша жақсару байқалып отырған тауарлар, әдетте, импорттықтан, бірінші кезекте, ресейлік тауарлардан қымбаттырақ. Осы тауарлар бойынша бәсекелестік қабілетке қол жеткізудің негізгі проблемасы - бағаның төмендетілуі, бұл республика халқының біраз бөлігінің кедейленуімен және халықтың төлем қабілетінің төмендеуімен байланысты аса маңызды.

Қазақстандық тауарлардың бәсекелесу қабілетінің артуына ықпал ететін негізгі ш а р а л а р :

ағымдағы статистикалық есеп, сондай-ақ арнайы зерттеулер және конъюнктуралық сауалдар негізінде бәсекелестік қабілеттілік саласында жүйелі зерттеулер ұйымдастыру ж ә н е п а й д а л а н у ;

микроденгейде менеджмент пен маркетингті ұйымдастыру. Алдыңғы кезекте менеджмент өндірістің тежелуін азайтуға бағытталуы тиіс;

негізгі әріптес елдермен саудаға сүйенген нақты тиімді айырбас бағамының мониторингі. Оның қысқа мерзімдік кезеңде күрт көтерілуіне жол бермеу;

ішкі рынокқа бағдарланған өндірісті несиелеу мүмкін болатын деңгейге дейін проценттік ставканы төмендету;

тауарларды сыртқы рынокқа мемлекеттік деңгейде жылжытуға ақпараттық қолдау. Рынокты білу, ондағы бәсекелестік пен бәсекелесушілер деңгейі, инвесторларды және шикізат пен материалдар жеткізу, өнімді сату жөніндегі стратегиялық әріптестерді і з д е с т і р у қ а ж е т ;

табиғи монополиялар саласындағы бағаны қатаң реттеу; жекелеген тауарлардың (мысалы, қантты өндіру) өндірісі мен айналысы саласындағы бір орталыққа шоғырландыру және "Теріс пиғылды бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасы Z980232\_ Заңының бұзылуын болдырмау;

өндірістің технологиялық және техникалық деңгейін арттыру мақсатында жекелеген тұтыну тауарларының өндірісіне шетелдік инвесторларды тарту. Әлемдегі фирмалық және сауда белгілерін пайдалану құқығын алуға мемлекеттің ықпал етуі. Жекелеген тұтыну тауарларын өндіру шетелдік инвесторлар үшін ТМД елдеріне оларды экспорттау мүмкіндігін назарға алғанда, тартымды болуы мүмкін;

сауданың қазақстандық ережелерін халықаралықтарымен үйлесімді ету тұрғысында , сондай-ақ қазақстандық тауарларға қатысты алалау режиміне тиісті назар аударуды ескере отырып, әрбір тауар рыногы бойынша тиімді сауда режимін жасап шығару. Импорттық саясат неғұрлым жоғары кедендік баждар дайын өнімге, төменгілері - шикізатқа белгіленетіндей болып құрылуы тиіс.

2. ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН М І Н Д Е Т Т Е Р І

## Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

жеңіл және тамақ өнеркәсібін қалпына келтіру және кешенді дамуын жеделдету, кәсіпорындардың технологиялық және техникалық артта қалуын еңсеру; өнімнің бәсекелесу қабілетін арттыруды оның сапасын арттыру, ассортиментін жақсарту, өндіріс шығыны мен бағасын төмендету есебінен қамтамасыз ету; отандық экономиканың тоқыма, тігін және былғары-аяқ киім өнімдерінің импортына тәуелді болуын еңсеру, тамақ өнеркәсібі үшін шикізат пен тамаққа үстеме өндіруді дамыту және ішкі рынокты отандық өндірістің жоғары сапалы тамақ өнімдерімен толтыру;

Қазақстанның сауда балансының оң сальдосын қолдау болып табылады.

## Қойылған мақсаттарға қол жеткізу:

отандық өнімнің баға мен сапа бойынша бәсекелесуге қабілеттілігін қамтамасыз ететін өндірістің техникалық деңгейін арттыру және осыған ұқсас импортталатын тауарларды ығыстырып шығаруды;

жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жекелеген тауар түрлері бойынша ішкі тауар рыногының ашық болу дәрежесін реттеуді, отандық тауар өндірушілерді адал емес импорттан қорғауды, отандық тауарларды әлемдік тауар рыноктарына қарай жылжытуды;

ішкі және сыртқы рыноктарда отандық өнімдердің бәсекелесу қабілетін қамтамасыз ету үшін салық және кеден режимін жетілдіруді;

кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жағдайларын сауықтыруды; салаға инвестицияларды тарту үшін және кәсіпорынды екінші дәрежелі банктердің несиелендіруі үшін жағдайлар туғызуды;

жоғары технологиялық, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелесуге қабілетті өнім шығаруды қамтамасыз ететін неғұрлым тиімді кәсіпорындардың басымдылықтарын анықтауды және талғамалы инвестициялық қолдауды;

кәсіпкерлерге өндірісті ұйымдастыру мен дамыту, бизнес-жоспарларды ресімдеу жөнінде техникалық, технологиялық және әдістемелік көмек көрсетуді көздейді.

Импортты алмастыру бағдарламасын іске асырудың негізгі қағидаттары: өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелесу қабілетін қамтамасыз ету; өнімдер өндірудің экономикалық тиімділігі; қолда бар қаржы ресурстарына орай бағдарламаны іске асырудың кезең-кезеңдігі болып табылады.

## 3. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ

3.1. Импортты алмастыру бағдарламасының басымдықтары  
Қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану жеңіл және тамақ өнеркәсібінде

импортты алмастыру жөніндегі жобаларды іске асырудағы басымдылықтарды бөліп-жару қажеттігін алдын ала айқындайды.

Жеңіл өнеркәсіпте бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде басымдылық жеңіл өнеркәсіптің отандық шикізатты: жіпті, матаны, былғары тауарларын қайта жасауды қамтамасыз етуі тиіс тоқыма және былғары өнеркәсібінің салаларын дамытуға б е р і л е д і .

Жаңа тоқыма өндірістерін құру едәуір инвестицияны талап етеді. Алматы қаласындағы және Шымкент қаласындағы (мақта-мата өндірісі), Өскемен қаласындағы (жасанды және синтетикалық маталар өндірісі), Қостанай қаласындағы және Алматы облысының Қарғалы поселкесіндегі (жүн-шұға өндірісі) өндірістік қуаттар базалар негізінде, осы бағдарламаның шеңберінде бірінші кезеңде тоқыма өнеркәсібін қалпына келтіру қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Бұдан басқа, отандық шикізат негізінде мақта-мата және жүн жіп, арқан шығару бойынша шағын өндірістер дамитын болады.

Жүнді тарау өндірісін қамтамасыз ету үшін басым бағыт жүнді алғашқы өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды қалпына келтіру болып табылады.

Былғары өндірісін қалпына келтіру мен дамытуды Тараз, Петропавл, Орал, Павлодар қалаларындағы өндірістік қуаттар негізінде жүргізу тиімді.

Мақта-мата және жүн жіптері, тоқыма мата, дайын мақта-мата, жүннен жасалған және синтетикалық маталар түріндегі жартылай фабрикаттар шығару басымдылықты болып табылады, себебі бұл тоқыма және шұлық-ұйық, тігін бұйымдарын шығару жөніндегі кәсіпорынды баға бойынша бәсекелесе алатын өнім шығаруға мүмкіндік беретін шама-шарқылы баға бойынша (ҚҚС нольдік ставкасын есепке ала отырып) шикізатпен қ а м т а м а с ы з е т у г е м ү м к і н д і к б е р е д і .

Ішкі тұтынуда отандық өндірушілердің үлесі 1-ден 7 %-ға дейін ауытқитын жеңіл өнеркәсіптің дайын тауарларын өндірудегі (киім, аяқ киім, тоқыма және былғары галантерея), ішкі және сыртқы рыноктарда бағасы мен сапасы бойынша бәсекелесуге қабілетті өнімдерді өндіруді қамтамасыз ететін, техникалық жағынан неғұрлым жабдықталған кәсіпорындарды қалпына келтіру және дамыту жобалары басымдылыққа и е б о л м а қ .

Инвестициялар соңғы жылдары қарқындап өсіп келе жатқан тамақ өнеркәсібінде қазіргі уақыттың өзінде бірқатар өндірістер бойынша едәуір пайдаланылмаған қуаттары бар. Ішкі, сонымен қатар, сыртқы рынокқа бағытталған республика үшін жаңа өндірістер, сондай-ақ импорттық үлесі жоғары азық-түлік өнімдерінің түрлері басымдықта болады. Бұл мынадай өндірістер:

1) дайын тамақ өнімдері, сондай-ақ астықты тереңнен қайта өңдеу негізінде тамақ өнеркәсібі үшін алынатын шикізаттар мен жартылай фабрикаттар:

астық негізіндегі таңертеңгі құрғақ ас - бидай (ұн), сұлы, күріш, арпа, жүгері дәндерінен немесе олардың қоспасынан (үлпектер, сақинашалар, жұлдызшалар,

құмалақтар және т.б.), диеталық ұн, сүт-дән қоспасы, тез пісетін жармалар; клейковина, сірне, крахмал, крахмал өнімдері мен қант, глюкозалық және жеміс-глюкозалық шырындар (неғұрлым пайдалырақ қантты алмастырушылардан), лимон қышқылы, кондитерлік, сүт, жеміс консерві өнеркәсібі, балалар тағамына арналған тамаққа қосатын өнім өндіру;

тамақ өнеркәсібі мен еліміз тұрғындарының тамақтану рационында белок жетіспеушілігінің орнын толтыру үшін соя өндірісі мен оның өнімдерін қайта өңдеуді  
д а м ы т у .

2) картопты, көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу өнімдері:

картоп өнімдерін жоғары дәрежелі дайындықпен өндіру төменгі температуралық үсіту технологиясы бойынша құрғақ картоп пюресі, үсітілген картоп биточкасы, ч и п с ы л а р ж ә н е т . б . ;

жеміс-көкөніс консервілерін, көкөніс және жеміс, табиғи шырындарын, жергілікті шикізаттан балалар үшін ұзақ сақтауға арналған пюре, тұздықтар және кетчуптер және т . б . ө н д і р у ;

тез мұздатылатын жемістер мен көкөністерді, көкөністік қоспаларды өндіру; жеміс және көкөніс ұнтақтарын, кондитер өнеркәсібі үшін жеміс-жидек

қайнатпаларын, жергілікті шикізаттан құрғақ шырындар мен олардың концентраттарын шығару;

3) ет және сүт өнеркәсібінде:

ет және ішек-қарын өнімдерінен, оның ішінде құс етінен консервілер (өз сөліндегі бұқтырмалар, паштеттер және т.б.);

эндокриндік және қандық шикізаттар негізінде медициналық препараттар өндіру;

консервіленген сүт өнімдері - құнарландырылған, қоюлатылған, соның ішінде қосындыларымен;

қымыз бен шұбат өндіру және консервілеу;

4) балық өнеркәсібінде:

балық консервілері мен жартылай фабрикаттарды өндіру;

5) май-тоң май өнеркәсібінде:

тазартылуы жоғары дәрежедегі өсімдік майы түрлерінің өндірісі;

6) алкоголь өнімдері өндірісінде:

отандық шикізат негізінде алғашқы шарап жасау ісі;

7) өзге тамақ өндірістері:

Қазақстанның татымды хош иісті өсімдіктерінен дәм келтіретін жаңа өнім түрлерін өндіруді игеру;

жергілікті өсімдік шикізаты негізінде тамақ бояуыштары және хош иісті дәмдіктер өндірісі;

жергілікті өсімдік шикізаты негізінде тамақтың емдеу-күтіну өнімдері және биологиялық белсенді қоспалары өндірісі;

бактериялық ашытқыларды, тамақтық белоктарды, биологиялық күшті қоспаларды, биологиялық консерванттарды өндіру.

Әрбір жекелеген жағдайда өндірістік қуаттардың теңгерімдері және отандық ауыл шаруашылығы шикізаттарымен қамтамасыз етілуі ескерілуі тиіс.

Бағдарламаны іске асыру шарттарының бірі ауыл шаруашылығы өндірісін қалпына келтіру мен толықтыру, республиканың табиғи-климаттық белдеулеріне бейімделген қазақстандық селекцияға жаңа дақыл түрлерін енгізу, ауыл шаруашылығы шикізаттарының жекелеген түрлерінің экспортын тежеп тұрған экономикалық шараларды жүзеге асыру негізінде жеңіл және тамақ өнеркәсібінде импортты алмастырушы өндірістің шикізат базасын кеңейту болып табылады.

### 3.2. Бағдарламаның аймақтық аспектілері

Тамақ өнеркәсібін дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды қарау кезінде аймақтық ерекшеліктер, сондай-ақ аймақта ауыл шаруашылығы шикізаты өндірісінің болуы және даму перспективасы назарға алынуға тиісті.

Тамақ өнеркәсібінің негізгі бағыттары бойынша аймақтық басымдықтар ішкі рыноктың қажеттеріне қарай, ауыл шаруашылығы шикізатының бар-жоқтығы мен қолда бар өндірістік қуаттарға орай белгіленді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес соңғы екі жылда Қазақстанда өндірілген сүт пен сүт өнімдерінің көлемі ұтымдысынан екі есе төмен, ең аз тұтыну бюджеті бойынша тұрғындарды қамтамасыз етуге әрең-әрең жетеді. Сондықтан қоюлатылған және құнарландырылған сүт пен құрғақ сүт қоспаларын өндіруді басымдықпен несиелендіруге тек ең төменгі тұтыну бюджеті бойынша халықты қамтамасыз етуге қажетті салыстыру мөлшерінде сүт ресурстарының мол аймағында ғана жол беріледі. Сүттің жеткіліксіздігін ескерсек, осы өндірістерді жүктеу үшін жеткілікті көлемде сүтті мал шаруашылығын дамыту міндетті шарт болуы тиіс. Қазіргі уақытта бұл шартты тек Солтүстік Қазақстан облысы орындап отыр, мұнда сүт ресурсы көрсетілген ең төменгі деңгейден 158 %-ға немесе 244 мың тоннаға артып отыр.

Сүт өнімін халықтың жалпы тұтынуынан қала рыноктарына 60 %-ға жуық келеді. Мұнда сүт шаруашылығы дамыған аймақтардың өзінде қалалардың сұранымы тек қана 69 %-ға қамтамасыз етіледі.

Сүт бойынша шикізат базасын кеңейту сүт өндірісін қалаларды айнала шоғырландыру, оның өнімділігін арттыру және сүтті оның ұсақ тауарлық өндіріс ерекшелігіне сәйкес сатып алу және өңдеу жүйесін құру көмегімен шешілетін болады.

Сүт шаруашылығын дамытуға қолайлы табиғи жағдайлардың Қазақстанның

оңтүстігінде, әсіресе Алматы облысында бар екендігін назарға алар болсақ, осы аймақтың қала маңындағы белдеулерінде сүт өнімдерін өндіруді кешенді дамыту басымдылық сипатқа ие болмақ.

Ет консервілерін өндіру ол үшін ресурстары бар аймақтарда басымды болуы тиіс. 1998 жылы ең төменгі тұтыну бюджетіне қарай анықталатын көлемнен асып түскен ет ресурстары көрсеткіштері Алматы облысында 19 мың тонна, Батыс Қазақстан облысында 41 мың тонна, Қостанай облысында 35 мың тонна, Солтүстік Қазақстан облысында 18 мың тонна және Павлодар облысында 4 мың тоннаны құрады.

Балық консервілерін өндіру бойынша Атырау, Маңғыстау облыстары басым болды, мұнда шикізат ресурстары тұрғындарды ең төменгі тұтыну бюджеті мен ғылыми-негізді нормалар бойынша қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерден артық болып отыр. Осы облыстарда құс етін өндіруді, сондай-ақ құрғақ сүт негізінде сүт өнімі бағытындағы өндірісті дамытуға болады.

Көкөністер мен жемістерді, шараптың бастапқы өндірісі көкөніс дақылдары, жидектер, жүзімдер өндірісі дамыған аймақтарда, яғни Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында басым. Картопты өңдеу Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында басымдылыққа ие.

### 3.3. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шикізат базасы

1990 жылдан 1999 жылға дейінгі кезең ауыл шаруашылығында сала өнімдерін өндірудің азаюымен сипатталады, ішкі өнімнің жалпы құрылымындағы оның үлесі 1990 жылғы 34 %-дан 1999 жылы 9,9 %-ға дейін қысқарды. 1999 жылғы қолайлы табиғи-климаттық жағдай және аграрлық секторды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар өнім өндірісінің ұлғаюына әкеліп соқты, алайда 1998 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығын дамытудағы бетбұрыс туралы айтуға әлі ертерек 1999 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы түсімі (1994 ж. бағаларда) 1990 жылғы деңгейдің 58,7 %-ын, оның ішінде өсімдік шаруашылығы - 117 %-ды, мал шаруашылығы - 21,4 % - д ы к ұ р а д ы .

Салалар арасындағы арақатынас өсімдік шаруашылығының меншікті үлесінің ұлғаюына қарай өзгерді, мал шаруашылығының үлесі 1990 жылғы 61 %-дан 2000 жылы 45,6 %-ға дейін қысқарды.

1991-1999 жылдарға арналған ауыл шаруашылығының даму қарқыны (1994 жылғы бағалармен, 1990 жылға пайызбен)

( қағаз мәтіннен қараңыз )

Ауыл шаруашылығының еліміздің басқа да экономикалық секторларымен салааралық байланысы бұзылды. Өнеркәсіптің материалдық шығындарындағы ауыл







мал дәрігерлік-санитарлық және технологиялық нормативтерді европалық стандарттарға сәйкес келтіру;  
сүт консервілері өндірісін ұйымдастыру қажет.

Жеңіл өнеркәсіпте импортты алмастыру үшін жүн-шұға өндірісінде биязы және жартылай биязы жүнге қажеттілік бірінші кезеңде 8 мың тоннаны құрайды. Кілем өндірісі үшін ашық түсті қылшықты және жартылай қылшықты жүнге қажеттілік 2 мың тоннаны құрайды.

Былғары тауарлары өндірісін 200 млн. шаршы дц деңгейдегі қалпына келтіру үшін 600 мың данаға дейінгі қара мал, 350 мың данаға дейінгі шошқаның, 1000 мың данаға дейінгі ұсақ малдың сапалы былғары шикізаты қажет етіледі. Бұл үшін Қазақстанда отандық былғары өндірісінің қажеттіліктерінен бірнеше есе асып түсетін былғары шикізаттарының қажетті ресурстары бар.

Отандық 4 және 5 түрлі мақта талшықтарына қажеттілік Қазақстанда барының 10 мың тоннаға дейінгісін немесе 15% құрайды, Қазақстанда өндірілмейтін мақта талшығының 2 және 3 түрі Түрікменстаннан әкелінетін болады.

#### 3.4. Бағдарламаны іске асырудың шаралары мен тетіктері

Импорт алмастыру бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттары:  
жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін қолайлы экономикалық жағдайлар туғызу;  
ішкі рынокты қолданылып жүрген заңдар негізінде адал емес импорттан қорғау;  
өнімнің бәсекелесу қабілетін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;  
жеңіл және тамақ өнеркәсібі сұранымдарын қамтамасыз ету үшін қажетті ассортименттегі және сападағы ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басым дамыту, шикізатты отандық қайта өңдеу кәсіпорындарына басым бағыттауды көтермелеу жөніндегі шаралар қабылдау;

неғұрлым тиімді жобаларды осы бағдарламамен белгіленген басымдықтар шеңберінде жеңілдікпен несиелендіру арқылы ымыраға келу және старттық инвестициялық қолдау болмақ.

3.4.1. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде импортты алмастыруға қолайлы экономикалық орта құру және бәсекелестік жағдайларды қамтамасыз ету үшін:

1) жеңіл және тамақ өнеркәсібінің импорттық тауарларының сапасына және бағасы деңгейіне мониторинг жүргізу.

Импортты алмастыру үшін басымдықтар белгіленген, пайдалануға дайын тұрған азық-түлік тауарларының барлық түрлеріне үкіметаралық келісімдерден шыға отырып, барынша мүмкін деңгейде кеден баждарының ставкаларын белгілеу.

Елде шығарылмайтын тамақ өнеркәсібі үшін барлық шикізат түрлеріне әкелінетін кеден баждарының нольдік ставкаларын белгілеу, отандық өнеркәсіптің жеңіл тамақ өнеркәсібі үшін шикізат пен қосымшалардың жаңа түрлерін игеруіне байланысты олардың жыл сайын қайта қаралуын қамтамасыз ету;

2) демпингтік және субсидирленген импортқа, сондай-ақ жеңіл және тамақ өнеркәсібіне зиян келтіретін және зиян келтіру қаупі бар көлемдегі импортқа талқылау жүргізу және олардан қорғау шараларын енгізу.

3.4.2. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімінің бәсекелесу қабілетін арттыру және сапасыз импортты болдырмау мақсатымен өндірісті сертификаттауды дамыту және сапаны бақылау үшін:

1) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Мемстандарт, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті органдары Қазақстанға сертификатталмаған өнімнің түсуін болдырмау жөніндегі тетікті жасауды қамтамасыз етсін;

2) халықаралық деңгейде аттестацияланған тәуелсіз сынақ орталықтарының бар-жоқтығы, олардың отандық және импорттық өнімді сараптауы, салалардың құралдық базасын метрологиялық қамтамасыз ету талдансын. Импорттық және экспорттық өнімнің қазіргі стандарттарға сәйкестігіне сараптау жүргізуді жетілдіру, сондай-ақ стандарттау органдарын метрологиялық қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар дайындалсын;

3) тамақ және алкоголь өнімдерінің сапасына арналған техникалық және технологиялық стандарттардың халықаралық талаптарға сәйкестендірілуін қамтамасыз ету қажет.

3.4.3. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында кәсіпкерлерге өндірістердің жұмыс істеп тұрғандарын қалпына келтіру мен жаңаларын ұйымдастыру жөнінде техникалық көмек үшін:

1) сыртқы, республикалық және аймақтық рыноктардың конъюнктураларын зерделеу және кәсіпорындарға олардың тауарларын осы рыноктарға шығаруға қызмет көрсету жөніндегі маркетингтік орталықтарды құруға көмектессін;

2) франчайзингтік қызмет көрсету рыногы, оның аспектілері, сыйымдылығы, қолдану тетігі зерделенсін. Киім, аяқ-киім, тағамдық өнімдерді өндірудегі франчайзингті дамыту жөнінде кәсіпорындар ұсыныстар әзірлесін. Қазақстандық рынокқа қызығушылық танытқан жетекші франчайзингтік азық-түлік және тоқыма фирмаларын тарта отырып, франчайзинг жөнінде аймақтық семинарлар өткізсін. Ірі оқу орталықтарымен және тауар өндірушілердің қоғамдық бірлестіктерімен франчайзингтік оқу-консультативтік орталығын құру туралы келісімдер жасалсын. Франчайзинг туралы заң әзірленсін;

3) жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін ауыл шаруашылығы шикізатын, оның ішінде мақта, жүн, тері шикізатын маусымдық сатып алу және сатып алушы ұйымның ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен, шаруалар қожалықтарымен, сондай-ақ тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарымен өзара іс-қимылының тетігі әзірленсін;

4) өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін менеджерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесі құрылсын;

5) жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізатпен көтерме сауданың үнемі жұмыс істейтін жәрмеңкелер өткізу қалпына келтірілсін.

3.4.4. Қайтадан құрылатын және дамитын өндірістерді техникалық және технологиялық жабдықтау үшін:

1) республикалық бюджеттің қаражаттары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар шеңберлерінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттар есебінен несиелер бойынша берешектерді өтеу есебіне алынған жабдықтар туралы деректер банкі құрылсын;

2) жабдықтардың меншік иесімен келісім-шарт негізінде лизинг бойынша пайдаланылмаған жабдықты беру үшін мүдделі тауар өндірушілерді іздестіру жөнінде аралық аймақтық лизингтік орталықтар құруға ықпал етсін;

3) импорт алмастыру бағдарламасының басым бағыттарына енгізілген кәсіпорындардың басшыларына өндірісті қалпына келтіру мен дамыту үшін лизингті пайдалану ұсынылсын.

3.4.5. Түр, сапа және ассортимент бойынша өнеркәсіп сұраныстарымен қатаң сәйкестікте жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат базасын және жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларының ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру жөніндегі ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері мен кәсіпорындары арасында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін:

1) жеңіл және тамақ өнеркәсібіндегі түпкілікті өнімнің сапасын арттыру үшін қажетті сипаттамалары, даму болашағы, сапаға байланысты оған қойылатын баға ауқымы, негізгі тұтынушылардың деректемелері ескерілген қажеттілік көрсетіле отырып, ауыл шаруашылығы шикізатының ассортименттегі тізбесі дайындалсын;

2) осы ақпаратты үнемі жаңартып отыру жүйесі мен оның агроөнеркәсіп кешеннің (бұдан әрі - АӨК) бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйесін пайдалану арқылы ауыл тұрғындары үшін қолайлы таратылуы көзделсін;

3) жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін салық және сатып алу бағалары арқылы басым өндіріске көшу кезінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау қамтамасыз етілсін.

3.4.6. Импорт алмастыруға инвестициялардың жаңа көздерін құру және Импорт алмастыру бағдарламасын несиелеу үшін импорт алмастыру мен қосымша қаржы қаражаттарын тарту үшін:

1) 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялар бағдарламасында жеңіл өнеркәсіптің басым бағыттарын дамыту жөніндегі жобаларды инвестициялық қолдаудың басым бағыттары белгіленсін.

3.4.7. Экономиканың нақты секторының жобаларын несиелендіруді отандық тауар өндірушілердің бағдарламасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1789 қаулысы) іске асыруға арналған банк қаражаттарының есебінен "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ, сондай-ақ несиенің сөзсіз қайтарылуын қамтамасыз

ететін және тиімсіз жобаларды несиелеуді болдырмайтын жолға қойылған тетік бойынша "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу үшін бағдарламаның үнемі назарда болуын, осы бағдарлама бойынша рынокты зерделеу және ақпарат пен тиісті ұсыныстар дайындау қамтамасыз етілсін. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы жұмыстың өткізілуі үшін мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруды қарастырсын.

#### 4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Кәсіпорындардың жеке қаражатының жетіспеушілігі, сондай-ақ екінші деңгей банктерінің жобаларды ұзақ мерзімді несиелендіру үшін мүмкіндіктерінің болмауы және несиелендірудің жоғары ставкасы мемлекеттік инвестициялар және шетел капиталы есебінен несиелендіру ресурстарына қажеттілікті айқындайды. Бұл қажеттілік жылына 150 млн. АҚШ долларына дейін құрайды. "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ-тың және Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының қаражаты отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберіндегі негізгі қаржыландыру көздері болып табылады.

2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялар бағдарламасында жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытуға бағытталған жобаларға инвестициялық қолдау көрсетуді басым бағыт етіп белгілеу қажет.

Осы бағдарламада белгіленген басым бағыттар бойынша ең тиімді жобаларды іріктеп алу жүйесін қарастыра отырып, импорт алмастыруды инвестициялық қолдау үшін жеңілдікпен несиелендіруді қолдану қажет.

Импорт алмастыру бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар шеңберінде жобаларды несиелендіру үшін негізгі шарттар:

жобаларды жобалар бойынша тәуекелге бел байлайтын және мемлекеттік қаражаттың қайтарылуына кепілдік беретін тек қана екінші деңгейдегі банктер арқылы несиелендіру;

жобаның экономикалық орындылығы мен басымдылығын қуаттайтын Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің оң қорытындысының болуы;

салалық институттар мен сараптама топтарының жобаның техникалық және технологиялық жетілгендігін, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелесуге қабілетті жоғары сапалы өнімнің шығарылатындығын растауы болып табылады.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шеңберінде олар бойынша кәсіпорындар қаражатының кемінде 70 пайызы қазақстандық заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын инвестициялық жобалар несиелендіріледі.

Екінші деңгейдегі банктер осы бағдарламаның шеңберінде несиелендіруге ондағы басымдылықтарға сәйкес келетін инвестициялық жобаларды ұсына алады.

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің оң

қ о р ы т ы н д ы с ы н д а :

жобаның Бағдарламаның басымдықтарына, сондай-ақ аймақтағы еңбек пен өндірістік күштердің бөліну құрылымына сәйкестілігі, оның импорт алмастыруға және экспортқа бейімделуге бағытталуы;

рынок сыйымдылығы мен ұсынылып отырған өнімге ішкі және сыртқы рыноктардағы толық сұраныс туралы сенімді негіздемелердің болуы; құрылатын өндірістің шикізатпен қамтамасыз етілуі;

өндіріс көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ қайта құрылатын немесе қалпына келтірілетін жұмыс орындарының саны;

жобаның Қазақстан және оның аймағы үшін әлеуметтік мәні; жобаның тиімділігі расталуы тиіс.

Жобаның қазіргі талаптарға сәйкестігі мен жеңіл және тамақ өнеркәсібі жобалары бойынша ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелесуші өнім шығаруды растайтын техникалық және технологиялық сараптауды саланың білікті мамандары қатарынан Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі құрған тәуелсіз сараптаушы топ жүзеге асырады.

"Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктермен несиелік келісімдер жасайды және аталған инвестициялық жобалардың іске асырылу барысына бақылау жасауды жүзеге асырады. Тиісті ақпаратты "Қазақстан Эксимбанкі" ЖАҚ тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынып отырады.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Жеңіл және тамақ өнеркәсібіндегі импорт алмастыру бағдарламасы 2001-2003 жылдарға есептелген.

2001 жылы жеңіл өнеркәсіп бойынша отандық өнім үлесі 35 %-ке дейін жетеді, ал тамақ өнеркәсібінде 80 % дейін, 2002 жылы жеңіл өнеркәсіпте 45 % дейін, тамақ өнеркәсібінде 85 % дейін өседі.

2003 жылы жеңіл өнеркәсіптің отандық өнімінің үлесі ішкі тұтытуда 85 % деңгейде сақталады және саланың одан әрі дамуы осы деңгейді сақтай отырып, ішкі тұтыну рыногының сыйымдылығының өсуі мен сыртқы рынокқа шығу есебінен жүзеге асырылатын болады. Отандық жеңіл өнеркәсіп өнімінің ішкі

рыноктағы үлесі 55 %-ға дейін жетеді.

### 5.1. Импорт алмастыру бағдарламасының тиімділігі

Бағдарламаны іске асыру нәтижесі отандық тауар өндірушілердің ішкі рыноктағы жағдайын нығайту және ондағы отандық тауар өндірушілердің үлесін 2003 жылы жеңіл өнім бойынша 55 пайызға дейін және тамақ өнеркәсібі бойынша - 85 %-ға дейін жеткізу болуы тиіс. Бұл өндіріс көлемінің, жұмыс

орындарының, сондай-ақ бюджетке түсетін түсімдердің едәуір өсуін қамтамасыз етеді.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде импорт алмастыру жөніндегі  
2001-2003 жылдарға арналған шараларды іске асыру тиімділігі

	! 2001	! 2002	! 2003	! Барлығы	
<b>ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП - ІШКІ РЫНОКТАҒЫ</b>					
ҮЛЕСІ - %	35	45	55		
Өндіріс көлемінің 1999 жылмен салыстырғанда өсуі, млрд. теңге		7	12	16	35
Жұмыс орындарын қалпына келтіру және жаңаларын енгізу		5	2,5	2,8	10,3
Салықтар мен төлемдер, млрд. теңге	1,05	1,8	2,4	5,25	
<b>ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ - ІШКІ РЫНОКТАҒЫ ҮЛЕСІ, %</b>					
Өндіріс көлемінің 1999 жылмен салыстырғанда өсуі, млрд. теңге		22	35	35	92
Жұмыс орындарын қалпына келтіру және жаңаларын енгізу		4	4	2	10
Салықтар мен төлемдер, млрд. теңге	6	9	9	24	

Жеңіл өнеркәсіптегі импорт алмастыру бағдарламасын іске асыру және отандық өнімді ішкі рынокта тұтынудың үлесі 2003 жылы 55 %-ға дейін жетуі киім мен мата шығарудың 1999 жылмен салыстырғанда 5-7 есе, былғары тауарлары мен аяқ киімнің 8-10 есе өсуін қамтамасыз етеді. 10,3 мың жаңа орын қалпына келтіріліп, енгізілетін болады. Тіпті салық жеңілдіктері сақталған жағдайдың өзінде салық пен төлемдердің бюджетке түсуі 5,25 млрд. теңгені құрайды.

Тамақ өнеркәсібінде ішкі рыноктағы отандық тауар үлесінің 2003 жылға таман 85 %-ға жетуі саладағы өндіріс көлемінің 1,3 есе, өсімдік майының 4 есе, құс етінің 3 есе, ет, балық және көкөніс консервілерінің 5-7 есе өсуін қамтамасыз етеді. Астық пен сүт өнімдерінің жаңа түрлері игерілетін болады. 10 мың жаңа жұмыс орны енгізілетін болады, 2001-2003 жылдары салық түріндегі бюджетке қосымша түсімдер 24 млрд.



Импорт алмастыру бағдарламасын іске асыру ауыл шаруашылығы өндірісін,

әсіресе мал шаруашылығын дамытуды көтермелейтін болады. Мультипликативтік әсер ету тиімділігі нәтижесінде экономика мен өнеркәсіптің басқа салаларын өсіруді қамтамасыз етуге, негізінен экономика бойынша еңбекпен қамтуды, халықтың кірісін, ең ақырында, жинақталған төлем төлеуге қабілетті сұранысты арттыруға мүмкін болар еді.

## 6. ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫНДА ИМПОРТ АЛМАСТЫРУДЫҢ 2001-2003 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

### ЖОСПАРЫ

№ р/с!	Іс-шаралар	! Аяқталу нысаны !	!Орындалуына !	!Орындалу
!	!	! жауаптылар !	!	! мерзімі

6.1. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде импорт алмастыру үшін қолайлы экономикалық орта құру және бәсекелестік жағдайларды қамтамасыз ету

6.1.1. Республикалық бюджет Қаражат Қазақстан ҚарМ, ЭСМ, 2001  
 каражаты есебінен берілген Республикасының ӘДМ жылғы  
 несиелер және Қазақстан Үкіметі қаулысы 4-тоқсан  
 Республикасының мемлекеттік  
 кепілдігі бар мемлекеттік  
 емес сыртқы заемдар  
 шеңберінде республикалық  
 бюджеттен оқшауландырылған  
 қаражат бойынша жеңіл және  
 тамақ өнеркәсібі  
 кәсіпорындарының борыштарын  
 Ведомствоаралық комиссияда  
 оларды алдын ала қарай  
 отырып қайта құрылымдауды  
 жүргізу

6.1.2. Әкелінетін кеден баждарының Қазақстан ЭСМ, АШМ 2001  
 ең аз ставкасын белгілеу Республикасының жылғы  
 үшін жеңіл және тамақ Үкіметіне қыркүйек

өнеркәсібі үшін елімізде ұсыныстар  
өндірілмейтін шикізаттар  
мен материалдардың тізбесін  
айқындау

6.1.3. Жеңіл және тамақ Қазақстан ЭСМ 2001 жыл  
өнеркәсібінің импорттық Республикасының  
тауарларының сапасына және Үкіметі қаулысы  
бағалар деңгейіне мониторинг  
жүргізу. Қазақстандық  
рыноқта теріс пиғылды  
бәсекені жүзеге асырушы  
өндірушілерге қатысты  
антидемпингтік және  
өтемақылық байыптауларды  
қозғау жөніндегі рәсімді  
белгіленген тәртіппен  
жүзеге асыру

6.2. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімдерінің бәсекелестік қабілетін  
арттыру және сапасыз тауар импортына жол бермеу мақсаттарында  
өндірістердің сертификатталуын дамыту және сапасын бақылау

6.2.1. Импорттық және экспорттық Министрдің ЭСМ 2002 ж.  
өнімдердің, сондай-ақ бұйрығы ақпан  
стандарттау органдарын  
метрологиялық қамтамасыз  
етудің қазіргі  
стандарттарына  
сәйкестігіне сараптама  
жүргізуді жетілдіру  
жөнінде ұсыныстар енгізу

6.2.2. Қазақстанға Қазақстан ЭСМ, МКМ 2001 жыл  
сертификатталмаған өнімнің Республикасының  
түсуін болдырмау жөніндегі Үкіметіне  
тетікті әзірлеу ұсыныстар

6.3. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің салаларында кәсіпкерлерге  
өндірістердің жұмыс істеп тұрғандарын қалпына келтіру және жаңасын  
ұйымдастыру жөнінде техникалық көмек көрсету

- 6.3.1. Ішкі, республикалық және аймақтық рыноктардың конъюнктурасын зерделеудің маркетингтік орталықтарын құруға көмектесу және кәсіпорындарға осы рыноктарға олардың тауарларын жылжытуда қызмет көрсету  
 Министрдің бұйрығы  
 ЭСМ  
 2001 жыл
- 6.3.2. Франчайзингтік қызмет көрсету рыногын, оның аспектілерін сыйымдылығы, қолдану тетіктерін зерделеу  
 Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп берілген  
 "Экономикалық зерттеулер институты"  
 РМК (келісім бойынша), МБА  
 ЭСМ,  
 2001 жыл
- 6.3.3. Кәсіпорындарға киім, аяқ киім азық-түлік өнімдері өндірісінде франчайзингті дамыту жөнінде ұсыныстар, франчайзингтік оқу-консультациялық орталығын құру жөнінде ұсыныстар дайындау.  
 Елдің экономикасы үшін басым бағыттар бойынша франчайзингтік фирмаларды тарта отырып, франчайзинг бойынша аймақтық семинарлар өткізу  
 Семинарлар өткізу кәсіпкерлерінің одақтары мен қоғам. дастықтары (келісім бойынша)  
 ЭСМ, МБА,  
 2001 жыл
- 6.3.4. "Франчайзинг туралы" Заң әзірлеу  
 Заң жобасы  
 жылғы  
 2 тоқсан  
 ЭСМ, ӘдМ  
 2001
- 6.3.5 Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің ұйымдары үшін  
 Қазақстан Республикасының Үкіметіне  
 БҒМ, ЭСМ,  
 2002 жылғы  
 4

менеджерлерді қайта ұсыныстар лердің тоқсан  
даярлаудың және одақтары  
олардың біліктілігін мен  
арттырудың жай-күйін қауымдас.  
зерделеу тықтары  
(келісім  
бойынша)

6.3.6. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі Қазақстан ЭСМ, Ауыл 2002 жыл  
үшін шикізатпен көтерме Республикасының шаруашылығы сәуір  
сауда жәрмеңкесін өткізуді Үкіметіне министрлігі,  
қалпына келтіру ұсыныстар облыстар  
әкімияттары

6.4. Жаңадан құрылатын және дамушы өндірістерді техникалық және  
технологиялық жабдықтау

6.4.1. Мемлекеттік несиелер Қазақстан ЭСМ, ҚарМ, 2001 жыл  
бойынша берешектерді өтеу Республикасының ӘдМ  
есебіне алынған жабдықтар Үкіметіне  
туралы деректер банкін ұсыныстар  
құру

6.4.2. Меншік иелерімен шарт Қазақстан ЭСМ, ҚарМ, 2001 жыл  
негізінде лизинг бойынша Республикасының ӘдМ  
пайдаланылмаған жабдықтарды Үкіметіне есеп  
беру үшін мүдделі тауар  
өндірушілерді іздестіру  
жөніндегі делдалдық  
аймақтық лизингтік  
орталықтар құруға  
жәрдемдесу

6.5. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат базасын және ауыл  
шаруашылығы тауар өндірушілері мен жеңіл және тамақ өнеркәсібі  
салаларының кәсіпорындары арасында өзара тиімді ынтымақтастықты  
дамыту

6.5.1. Мал шаруашылығы мен етті Қазақстан АШМ, ҚарМ 2001-2002  
құс шаруашылығының асыл Республикасының жылдар  
тұқымдық негізін қалпына Үкіметіне есеп

келтіру

- 6.5.2. Малдың тексіз және аз өнімді Қазақстан АШМ, БҒМ, 2001-2003  
тұқымдарын неғұрлым Республикасының облыстардың жылдар  
өнімділеріне кезеңімен Үкіметіне есеп әкімдері  
алмастыру жолымен  
өнімділікті арттыруға және  
өзіндік құнын төмендетуге  
бағытталған, мал  
шаруашылығының қазіргі бар  
тұқымдарын одан әрі  
жетілдіру және жаңа желілер,  
тұрпаттары мен тұқымдарын  
шығару, саланың асыл  
тұқымдық негізін және  
тұқымдық-асыл тұқымдық  
жұмысын нығайту
- 6.5.3. Биязы меринос жүні өндірісін -//- АШМ, БҒМ, 2001-2003  
арттыру жөніндегі облыстардың жылдар  
іс-шараларды мемлекеттік әкімдері  
қолдау
- 6.5.4. Мал шаруашылығы шикізатын -//- АШМ, ҚарМ, 2001-2002  
сатып алу, қайта өңдеу ЭСМ жылдар  
жөнінде мамандандырылған  
республикалық ұйым  
(компания) құру
- 6.5.5. Мал шаруашылығы өнімдері -//- АШМ, БҒМ, 2001-2002  
өндірісі және қайта өңдеу ЭСМ жылдар  
жөніндегі республикалық  
ветеринарлық-санитарлық  
және технологиялық  
нормативтерді еуропалық  
стандарттарға сәйкес  
келтіру
- 6.5.6. Солтүстік Қазақстан Қазақстан Облыс әкімі, 2001-2003

облысының Петропавл Республикасының ЭСМ, жылдар  
қаласында ауысымында 50 Үкіметіне есеп Қазақстан  
тонна сүтті қайта өңдеу Даму банкі  
қуатымен сүт консервілері  
өндірісі жөніндегі зауыт  
құрылысы

6.5.7. Жеңіл және тамақ Ауылшарминінің ЭСМ 2001 жыл  
өнеркәсібінде түпкі өнімнің деректер банкі қазан  
сапасын арттыру үшін қажетті  
ассортиментімен және сапалық  
сипаттамаларымен шикізат  
тізбесін дайындау. Осы  
ақпаратты тұрақты жаңарту  
жүйесін және оның ауыл тауар  
өндірушілері үшін ыңғайлы  
таратылуын көздеу

6.5.8. Салық заңнамасына тиісті Қазақстан ЭСМ, АШМ 2001 жыл  
өзгерістер мен толықтырулар Республикасының  
енгізу жолымен жеңіл және Үкіметіне  
тамақ өнеркәсібі үшін ұсыныстар  
басымды өндіріске өтуде  
ауыл тауар өндірушілерін  
қолдауды қамтамасыз ету

6.5.9. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі Қазақстан ЭСМ, АШМ 2001 жыл  
үшін ауыл шаруашылығы Республикасының  
шикізатын, соның ішінде Үкіметіне  
мақта, жүн, былғары ұсыныстар  
шикізатын маусымдық сатып  
алу және сатып алу  
ұйымдарының ауыл шаруашылығы  
кәсіпорындарымен, шаруа  
қожалықтарымен, сондай-ақ  
жеңіл және тамақ өнеркәсібі  
орындарымен өзара іс-қимыл  
тетігін жасау

6.6. Импорт алмастыратын өндірістерге инвестициялар үшін жағдайлар жасау

және импорт алмастыру бағдарламасын несиелендіру үшін қосымша ақшалай қаражат тарту

6.6.1. 2001-2003 жылдарға арналған Меминвестиция. ЭСМ, АШМ 2001-2003 мемлекеттік инвестициялар лар бағдарла. жылдар бағдарламасында жеңіл және масына енгізу тамақ өнеркәсібін дамытуға бағытталған жобаларға инвестициялық қолдау көрсетуді басым бағыт етіп айқындау

6.6.2. Жеңіл және тамақ Қазақстан ЭСМ, 2001-2003 өнеркәсібінің салаларында Республикасының "Экономи. жылдар 2001-2003 жылдарға арналған Үкіметіне калық импорт алмастыру ақпарат зерттеулер бағдарламасын іске асыру институты" мониторингін жүргізу. РМК (келісім Бағдарламаны іске асыру бойынша) мониторингінің мемлекеттік тапсырысын қалыптастыруды көздеу

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.